# Приложение №1 к Политике конфиденциальности

# Құпиялылық саясатына №1 қосымша

## СОГЛАСИЕ НА СБОР И ОБРАБОТКУ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ

## ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨҢДЕУГЕ КЕЛІСІМ

Я, действуя свободно, по своей воле и в своем интересе и являясь пользователем программного обеспечения mycar.kz и иных программных продуктов, интегрированных с mycar.kz (далее — «Пользователь»), даю безусловное согласие ТОО «MyCar Group», БИН: 191140031171 (далее — «MyCar») на сбор и обработку с помощью средств автоматизации или без использования таких средств, нижеследующих моих (обо мне) персональных данных, а также происходящих в них в будущем изменений и (или) дополнений.

Мен, еркін әрекет ете отырып, өз еркіммен және өз мүддемде әрекет ете отырып, mycar.kz бағдарламалық қамтамасыз етуін және mycar.kz-пен интеграцияланған өзге де бағдарламалық өнімдерді пайдаланушы бола отырып (бұдан әрі — «Пайдаланушы»), «MyCar Group» ЖШС-ға, БСН: 191140031171 (бұдан әрі — «MyCar»), автоматтандыру құралдарының көмегімен немесе мұндай құралдарды пайдаланбай, менің төмендегі (мен туралы) дербес деректерімді, сондай-ақ оларда болашақта болатын өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды жинауға және өңдеуге сөзсіз келісім беремін.

Я понимаю и принимаю, что факт нажатия мною кнопки «Далее» на Сайте: https://mycar.kz/ или в Мобильном приложении mycar.kz, является действием, подтверждающим моё волеизъявление к присоединению к Политике конфиденциальности и предоставлению согласия на сбор и обработку моих Персональных данных.

Менің https://mycar.kz/ Сайтында немесе mycar.kz Мобильді қосымшасында «Әрі қарай» түймесін басу фактісі Құпиялылық саясатына қосылуға және менің Дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беруге деген ерік білдіруімді растайтын әрекет болып табылатынын түсінемін және қабылдаймын.

При этом к персональным данным (далее — «Персональные данные») относятся:

Бұл ретте дербес деректерге (бұдан әрі — «Дербес деректер») мыналар жатады:

**Персональные данные, предоставляемые непосредственно мной самостоятельно или вследствие обращения мною в государственные базы данных:**

**Тікелей менің өзім дербес немесе мемлекеттік деректер базасына жүгінуім салдарынан ұсынылатын Дербес деректер:**

- Фамилия, имя, отчество (при его наличии);
  Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);
- Дата и место рождения;
  Туған күні мен жері;
- Пол;
  Жынысы;
- Индивидуальный идентификационный номер;
  Жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Контактные данные: адрес места постоянной регистрации, адрес места временной регистрации, контактные телефоны, адрес электронной почты;
  Байланыс деректері: тұрақты тіркелу мекенжайы, уақытша тіркелу мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы;
- Данные документа, удостоверяющего личность: наименование документа, номер документа, дата выдачи документа, срок действия документа, орган, выдавший документ;
  Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы, құжаттың нөмірі, құжаттың берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган;
- Демографические сведения (возраст, число, месяц и год рождения, пол, семейное положение, сфера занятости);
  Демографиялық мәліметтер (жасы, туған күні, айы және жылы, жынысы, отбасылық жағдайы, жұмыспен қамту саласы);
- Портретное изображение, видеоматериалы (фотография);
  Портреттік бейне, бейнематериалдар (фотосурет);
- Биометрические данные;
  Биометриялық деректер;

**Персональные данные, которые могут автоматически передаваться в момент моего пребывания на Сайте/ в Мобильном приложении:**

**Менің Сайтта/Мобильді қосымшада болу сәтімде автоматты түрде берілуі мүмкін Дербес деректер:**

- IP-адрес моего компьютера (или прокси-сервера, если он используется для выхода в Интернет);
  Менің компьютерімнің IP-мекенжайы (немесе Интернетке шығу үшін пайдаланылса — прокси-сервердің);
- Имя Интернет-провайдера;
  Интернет-провайдердің атауы;
- Имя домена;
  Доменнің атауы;
- тип браузера и операционной системы;
  браузер мен операциялық жүйенің түрі;
- Информация о сайте/странице в социальных сетях, с которого я совершил (-а) переход на Сайт/в Мобильное приложение;

Мен Сайтқа/Мобильді қосымшаға өткен сайт/әлеуметтік желілердегі бет туралы ақпарат;

- Информация о страницах Сайта/Мобильного приложения, которые я посещаю;
  Мен кіретін Сайттың/Мобильді қосымшаның беттері туралы ақпарат;
- Дата и время этих посещений, файлы;
  Осы кірулердің күні мен уақыты, файлдар;
- фотографии, публикации, иные данные, находящиеся в общем доступе на моих страницах в общедоступных источниках, данные о людях, страницах в социальных сетях, хэштегах, комментариях, отзывах, группах, сообществах, мероприятиях, людях, с которыми я связан (-а) и пр; данные об использовании моего аккаунта на Сайте/в Мобильном приложении, о моей покупательской активности на Сайте/в Мобильном приложении, о приобретаемых товарах, о предпочтении товаров, брендов и пр;
  жалпыға қолжетімді дереккөздерде менің беттерімде жалпы қолжетімділікте орналасқан фотосуреттер, жарияланымдар, өзге де деректер, адамдар туралы, әлеуметтік желілердегі беттер, хэштегтер, пікірлер, пікірлер (отзывтар), топтар, қауымдастықтар, іс-шаралар, мен байланысты адамдар туралы деректер және т.б.; менің Сайттағы/Мобильді қосымшадағы аккаунтымды пайдалану туралы, Сайттағы/Мобильді қосымшадағы сатып алу белсенділігім туралы, сатып алынатын тауарлар туралы, тауарларға, брендтерге басымдық беруім туралы деректер және т.б.;
- данные об устройствах, посредством которых я пользуюсь аккаунтом, в том числе: информацию об аппаратном и программном обеспечении, идентификаторы устройств, об Интернет-соединении, информацию о местонахождении моего устройства (GPS, Bluetooth, Wi-Fi), данные приложений, файлов cookie и пр;
  мен аккаунтты пайдаланатын құрылғылар туралы деректер, оның ішінде: аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету туралы ақпарат, құрылғылардың сәйкестендіргіштері, Интернет-байланыс туралы, менің құрылғымның орналасқан жері туралы ақпарат (GPS, Bluetooth, Wi-Fi), қосымшалардың деректері, cookie файлдары және т.б.;
- записи моих обращений в Контакт-центр, моя переписка с MyCar на Сайте/в Мобильном приложении (обратная связь).
  менің Байланыс орталығына жүгінулерімнің жазбалары, менің MyCar-мен Сайттағы/Мобильді қосымшадағы хат алмасуым (кері байланыс).

**Персональные данные, которые MyCar может получить в иных источниках в целях исполнения своих обязательств, принятых согласно Пользовательскому соглашению, Политике конфиденциальности или по иным договорам/соглашениям, стороной которых являюсь я и MyCar/Партнер MyCar/аффилированное лицо MyCar:**

**MyCar Пайдаланушы келісіміне, Құпиялылық саясатына сәйкес қабылданған немесе мен мен MyCar/MyCar Серіктесі/MyCar-дың аффилиирленген тұлғасы**

**тарап болатын өзге де шарттар/келісімдер бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында өзге дереккөздерден ала алатын Дербес деректер:**

- Фамилия, имя, отчество (при его наличии);
  Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);
- Дата и место рождения;
  Туған күні мен жері;
- Пол;
  Жынысы;
- Национальность;
  Ұлты;
- Индивидуальный идентификационный номер;
  Жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Контактные данные: адрес места постоянной регистрации, адрес места временной регистрации, контактные телефоны, адрес электронной почты;
  Байланыс деректері: тұрақты тіркелу мекенжайы, уақытша тіркелу мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы;
- Данные документа, удостоверяющего личность: наименование документа, номер документа, дата выдачи документа, срок действия документа, орган, выдавший документ;
  Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы, құжаттың нөмірі, құжаттың берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган;
- Портретное изображение, видеоматериалы (фотография);
  Портреттік бейне, бейнематериалдар (фотосурет);
- Биометрические данные;
  Биометриялық деректер;
- Иные специальные, обезличенные данные Пользователя, способные характеризовать Пользователя, полученные MyCar из любых источников. При этом я понимаю и соглашаюсь с тем, что вышеприведенные Персональные данные могут также передаваться в информационные аналитические системы, которые хранят и обрабатывают данные, в том числе и за пределами Республики Казахстан.
  MyCar кез келген дереккөзден алған, Пайдаланушыны сипаттай алатын Пайдаланушының өзге де арнайы, иесіздендірілген деректері. Бұл ретте мен жоғарыда келтірілген Дербес деректердің деректерді сақтайтын және өңдейтін ақпараттық талдамалық жүйелерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге де берілуі мүмкін екенін түсінемін және келісемін.

Я подтверждаю, что являюсь субъектом предоставляемых Персональных данных и подтверждаю достоверность предоставляемых мною Персональных данных. Я подтверждаю и гарантирую наличие у меня права давать согласие на сбор и обработку Персональных данных в отношении и с использованием указанных

номеров телефонов, адресов и адреса электронной почты, сведения о других способах связи.

Мен ұсынылатын Дербес деректердің субъектісі екенімді растаймын және өзім ұсынатын Дербес деректердің дұрыстығын растаймын. Мен көрсетілген телефон нөмірлеріне, мекенжайларға және электрондық пошта мекенжайына қатысты және оларды пайдалана отырып, өзге де байланыс тәсілдері туралы мәліметтерге қатысты Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беруге құқығымның бар екенін растаймын және кепілдік беремін.

Я даю свое согласие MyCar на следующие действия с моими Персональными данными: сбор, обработку, хранение, накопление, использование, копирование, отображение, раскрытие, воспроизведение, адаптацию, редактирование, дополнение, систематизирование, анализ, обезличивание, передачу третьим лицам, включая, но не ограничиваясь: аффилированным компаниям и Партнерам MyCar, банковским и кредитным организациям, страховым организациям и пр., и иным субъектам/ компаниям/ предприятиям и т.п., с которыми MyCar и (или) такие третьи лица состоят в договорных и иных правоотношениях.

Мен MyCar-ға өзімнің Дербес деректеріммен мынадай әрекеттерді жасауға келісім беремін: жинау, өңдеу, сақтау, жинақтау, пайдалану, көшіру, бейнелеу, ашу, қайта жаңғырту, бейімдеу, редакциялау, толықтыру, жүйелеу, талдау, иесіздендіру, үшінші тұлғаларға беру, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: MyCar-дың аффилиирленген компаниялары мен Серіктестеріне, банктік және кредиттік ұйымдарға, сақтандыру ұйымдарына және т.б., сондай-ақ MyCar және (немесе) осындай үшінші тұлғалар шарттық және өзге де құқықтық қатынастарда болатын өзге субъектілерге/компанияларға/кәсіпорындарға және т.б.

Я даю свое согласие, в том числе, на трансграничную передачу, которая может включать в себя передачу Персональных данных на территории иностранных государств, не обеспечивающих адекватной защиты прав субъектов персональных данных.

Мен, оның ішінде, дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз етпейтін шет мемлекеттердің аумағында Дербес деректерді беруді қамтуы мүмкін трансшекаралық беруге келісім беремін.

Я даю свое согласие на распространение (в том числе в общедоступных источниках), включая случаи размещения моих имени, фамилии, фото- и видеоизображений в социальных сетях, в средствах массовой информации, если я стал победителем рекламного розыгрыша, рекламной кампании, рекламной акции MyCar или Партнеров MyCar, либо был поощрен MyCar или Партнером MyCar в силу моих достижений, реализованных на Сайте/в Мобильном приложении — в маркетинговых целях MyCar или Партнеров MyCar.

Мен, егер MyCar-дың немесе MyCar Серіктестерінің жарнамалық ұтыс ойынының, жарнамалық науқанының, жарнамалық акциясының жеңімпазы болсам не Сайтта/Мобильді қосымшада жүзеге асырылған жетістіктерім үшін MyCar немесе

MyCar Серіктесі тарапынан көтермеленсем — MyCar немесе MyCar Серіктестерінің маркетингтік мақсаттарында, өзімнің атымды, тегімді, фото- және бейнесуреттерімді әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жағдайларын қоса алғанда, таратуға (оның ішінде жалпыға қолжетімді дереккөздерде) келісім беремін.

Я даю свое согласие MyCar на направление мне сообщений информационного, сервисного и/или рекламного характера посредством SMS, email-рассылки, push-уведомлений, сообщений в мессенджерах WhatsApp, Telegram, Instagram и пр., а также иным образом MyCar и/или Партнерами MyCar.

Мен MyCar-ға және/немесе MyCar Серіктестеріне маған SMS, email-таратылым, push-хабарландырулар, WhatsApp, Telegram, Instagram және т.б. мессенджерлердегі хабарламалар арқылы, сондай-ақ өзге де тәсілмен ақпараттық, сервистік және/немесе жарнамалық сипаттағы хабарламалар жіберуге келісім беремін.

Срок, на который мной предоставляется данное Согласие, составляет 3 (три) года с момента последнего посещения мной своего аккаунта на Сайте/в Мобильном приложении при условии завершения действия договоров и иных соглашений, заключенных мною с MyCar.

Осы Келісім берілетін мерзім, мен MyCar-мен жасасқан шарттар мен өзге де келісімдердің қолданылуы аяқталған жағдайда, менің Сайттағы/Мобильді қосымшадағы аккаунтыма соңғы рет кірген сәтімнен бастап 3 (үш) жылды құрайды.

Я подтверждаю, что уведомлен(а) о том, что настоящее Согласие на сбор и обработку моих Персональных данных может быть отозвано в порядке и на условиях, определенных Политикой конфиденциальности.

Мен өзімнің Дербес деректерімді жинауға және өңдеуге берілген осы Келісім Құпиялылық саясатында айқындалған тәртіппен және шарттарда кері қайтарылуы мүмкін екені туралы хабардар етілгенімді растаймын.

Я подтверждаю, что в полной мере ознакомлен с Политикой конфиденциальности, размещенной по адресу: https://mycar.kz/privacy_policy.pdf, в полной мере согласен с изложенными в ней положениями. Я подтверждаю, что в случае несогласия с условиями Политики конфиденциальности и настоящего Согласия на сбор и обработку персональных данных я должен (должна) прекратить пользование Сайтом и Мобильным приложением MyCar.

Мен https://mycar.kz/privacy_policy.pdf мекенжайында орналастырылған Құпиялылық саясатымен толық көлемде таныстым және онда баяндалған ережелермен толық көлемде келісемін деп растаймын. Мен Құпиялылық саясатының және дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген осы Келісімнің шарттарымен келіспеген жағдайда MyCar Сайты мен Мобильді қосымшасын пайдалануды тоқтатуға тиіс екенімді растаймын.

Я понимаю и соглашаюсь с тем, что регистрационные формы, анкеты, заполняемые мною на Сайте/в Мобильном приложении, являются неотъемлемой частью настоящего Согласия.

Менің Сайтта/Мобильді қосымшада толтыратын тіркеу нысандарым, сауалнамаларым осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатынын түсінемін және келісемін.